

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ  
MINISTRY OF EDUCATION AND SCIENCE OF THE REPUBLIC OF KAZAKHSTAN

Л.Н.ГУМИЛЕВ АТЫНДАҒЫ ЕУРАЗИЯ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ  
L.N. GUMILYOV EURASIAN NATIONAL UNIVERSITY



IX Астана экономикалық форумы аясындағы  
**«ЖАҒАНДАНУ ЖАҒДАЙЫНДА ЖАҢА ИНДУСТРИЯЛАНДЫРУ –  
ҚАЗАҚСТАННЫҢ ЭКОНОМИКАЛЫҚ ӨСУІНІҢ ДРАЙВЕРІ»**  
жас ғалымдардың халықаралық ғылыми конференциясының  
**ЕҢБЕКТЕР ЖИНАҒЫ**

**I БӨЛІМ**

25 мамыр 2016 ж.

**СБОРНИК ТРУДОВ**

международной научной конференции молодых ученых  
**«НОВАЯ ИНДУСТРИАЛИЗАЦИЯ КАК ДРАЙВЕР ЭКОНОМИЧЕСКОГО  
РОСТА В КАЗАХСТАНЕ В УСЛОВИЯХ ГЛОБАЛИЗАЦИИ»**  
под эгидой IX Астанинского экономического форума

**ЧАСТЬ I**

25мая 2016 г.

**PROCEEDINGS**

of the international scientific conference of young scholars  
**«NEW INDUSTRIALIZATION AS A DRIVER OF ECONOMIC  
GROWTH IN KAZAKHSTAN IN TERMS OF GLOBALIZATION»**  
in the framework of the IX Astana Economic Forum

**PART I**

25 may 2016

Астана, Қазақстан  
Astana, Kazakhstan

УДК 338.28(574)(06)  
ББК 65.9(5Қаз)-І 551я431  
Ж 28

**Редакционная коллегия:**

Декан Экономического факультета д.э.н., профессор Макыш С.Б.,  
Заместитель декана по научной работе, к.э.н., и.о. доцента Бакирбекова А.М.  
Заведующий кафедрой «Экономика» к.э.н., и.о. профессора Рахметулина Ж.Б.  
Заведующий кафедрой «Финансы» д.э.н., и.о. профессора Садвокасова К.Ж.  
Заведующий кафедрой «Туризм» к.э.н., доцент Дуйсембаев А.А.  
Заведующий кафедрой «Учет, аудит и анализ» к.э.н, доцент Алибекова Б.А.  
Заведующий кафедрой «Менеджмент» д.э.н., профессор Толысбаев Б.С.  
Заведующий кафедрой «Экономическая теория и антимонопольное регулирование» к.э.н., доцент  
Бабланов Т.К., к.э.н., и.о. доцента Ауелбекова А.К.

**Ж28 Жаһандану жағдайында жаңа индустриаландыру – Қазақстанның экономикалық өсуінің драйвері:** Жас ғалымдардың халық. ғыл. конф.еңбектер жинағы. – Астана: Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, 2016.

**Новая индустриализация как драйвер экономического роста в Казахстане в условиях глобализации:** Сб. материалов межд. науч. конф. молодых ученых. – Астана: Евразийский национальный университет им. Л.Н. Гумилева, 2016.

Proceedings of the international scientific conference of young scholars «**New industrialization as a driver of economic growth in Kazakhstan in condition of globalization**» Astana, L.N.Gumilyov Eurasian National University, 2016.

**ISBN 978-9965-31-762-0**

**ISBN 978-9965-31-762-0**

Халықаралық ғылыми конференциясының еңбек жинағында жаһандану жағдайындағы жаңа индустриаландыру мен экономикалық өсудің өзекті мәселелері қарастырылған.

В сборнике материалов международной научной конференции рассмотрены актуальные вопросы новой индустриализации и экономического роста в условиях глобализации.

The collection of materials in the international scientific conference considers important issues of the new industrialization and economic growth in globalization.

ISBN 978-9965-31-762-0

ISBN 978-9965-31-762-0

УДК 338.28(574)(06)

ББК 65.9(5Қаз)-551я431

сияқты мәселелердің шешімі ретінде отандық өнімдердің саны мен сапасын арттырудың орныда ерекше.

#### Әдебиеттер:

1. Қазақстан Республикасының Президенті – Елбасы Н.Ә.Назарбаевтың «Қазақстан-2050» Стратегиясы қалыптасқан мемлекеттің жаңа саяси бағыты» атты Қазақстан халқына Жолдауы. 14.12.2012ж.
2. Котлер Ф. Маркетинг в третьем тысячелетии. – СПб.: Питер Ком, 2002.
3. Қазақстан Республикасының Статистика комитетінің ресми сайты [Электрондық ресурс]. - Кіру тәртібі: <http://www.stat.gov.kz>

### **ТУРИСТІК ҚЫЗМЕТТІҢ РЕСУРСТЫҚ ӘЛУЕТІН ЖҮЗЕГЕ АСЫРУДАҒЫ ЫНТАЛАНДЫРУШЫ ЖӘНЕ ШЕКТЕУШІ ИНСТИТУЦИОНАЛДЫҚ ШАРТТАР**

*Ешенкулова Г.И., Гиззатжанова А.Г., Есенбаева А.Е.*

Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті  
Астана қ., Қазақстан Республикасы  
e-mail: [azhar\\_g78@mail.ru](mailto:azhar_g78@mail.ru)

Экономика жүйелерінің және оның түрлі деңгейдегі ішкі жүйелерінің мақсатына жетуі үшін, ең бірінші ресурстық мүмкіндіктері анықталады. Экономикалық әдебиеттерде туристік әлеует – табиғи және әлеуметтік-экономикалық ресурстардың өзара байланысы ретінде қарастырылады. Әлеуметтік-экономикалық ресурстардың саны өзіне еңбек ресурстарын, оның ішінде адам капиталы және материалдық техникалық базаны кірістіреді. Ол экономикалық жүйе мен оның ішкі жүйелерін ғылыми талдауға, ресурстық әлеуетті арттыру мен тиімді қолдану бойынша практикалық ұсыныстардың шеңберін барынша шектейді. Онда, территориялардың экономикалық дамуына өздігінен әсер ететін аймақтың негізгі активтері мен инфрақұрылымдық жағдайлары (ұйымдастырушылық, материалдық-техникалық, институтционалды) зерттеу шеңберіне енбеген. Көптеген ғалымдар «аймақтың ресурстық әлеуетін» оның кеңістіктік, уақыттық және салалық ерекшеліктерін ескере отырып, санауды ұсынады, ол ерекшеліктер ретінде келесілерді алуға болады:


- ресурстық әлеует территориялық жинақталған және олардың сандық, сапалық параметрлері ерекше (территориялық ерекшелік) болып табылады;
- аймақтардағы ресурстар көлемі мен құрылымының динамикалық көрсеткіштері жалпы елдің орташа көрсеткіштерден ауытқиды (уақыт өзгешелігі);
- шектеулі қызмет түрлері үшін арнаулы қызметтерді ұсынады (тақырыптық немесе салалық ерекшеліктер).

Аймақ деңгейінде ресурстарды біріктіру және оларды қолдану кәсіпкерлік белсенділік пен институтционалды ортаның сапасымен анықталады, бұл кәсіпкерлік белсенділікті іске асыру үшін ережелердің, процедуралардың, институтционалдық формалардың болуы немесе болмауы арқылы жүргізіледі. Аймақтық экономиканың жеке салаларындағы ресурстық әлеуетті бағалау талдау кезіндегі анықтылықты талап етеді [1].

Туризм саласын дамыту үшін лайықты инфрақұрылым қажет, сондықтан жалпы мемлекеттің немесе аймақтардағы туризмнің экономикалық мәні қаржылық ресурстармен анықталады. Шектеулі қаржылық мүмкіндігі бар, бірақ бай табиғи ресурстарға ие аймақ жеткілікті мөлшерде ішкі туристік секторды дамыта алмайды. Туризмнің дамуы, оның материалдық-техникалық базаларын салу мен ұлғайту, туризм мақсаты үшін табиғи және мәдени-тарихи элементтерін тығыз пайдалану, олардың аймақтың әлеуметтік-экономикалық өміріне әсерінің өсуі, т.б. факторлар территорияларды туристік мақсатпен аудандастыру үшін арнайы зерттеулерді қажет етеді [2].

Соңғы жылдары ресурстық топтарды дамыту мен есепке алу үшін – институттар жүйесінде анықталған институционалды ресурстарды анықтау өзекті болып келеді. Институционалды ресурс мемлекеттік ұйымдардың әлеуетін анық және толықтай қолдану үшін қосымша жағдайлар құрумен және туристік ресурстарды өндірудің ресурстық қамтамасыз етілуімен байланысты (сурет 1).

Институционалды жүйе арнаулы институттық ортада қалыптасады және жүйе элементтерінің дұрыс таңдалуына кепілдеме бере алмайды, осыдан тиімді және тиімді емес институттардың табиғи пайда болуын күтуге болады және олар қалыптасқан ортаға бейімделеді. Туризм саласының институттарының құрылымы келесі 2 суретте ұсынылған [4].




Сурет 1. Туристік ресурстарды өндірудің ресурстық қамтамасыз етілуі  
Ескерту: [3] әдебиетінен алынды

1. *Туристік көрсету объектілерінің институттарына* туристік мақсаттағы табиғи ресурстар мен ерекше қорғалатын табиғи территориялар, мәдени-тарихи ресурстар институттары кіреді. Бұл институттар өндірістік тиімділікті арттыруға және туристік қызметке сәйкес ресурстарды тарту арқылы экономикалық мүмкіндіктердің өсуін қамтамасыз етеді. Туристік әлеуетті тиімді пайдалану жеке аудандарда туризм түрлерін арттырады. Осы институттар тобында әлі де болсын олқылықтар жол алады, мысалы, Қазақстанда туристік мақсаттағы мәдени-тарихи институттардың нормалары жоқ, оларға келетін туристер туралы мәліметтер алу қиын, ерекше қорғалатын аудандарды мемлекет тарапынан сақтау, территорияларын кеңейту жұмыстары, келетін туристерге жағдай жасау сияқты мәселелер қолға алынбаған.

2. *Туризмді дамыту институттарына* туризм саласындағы перспективті территориялар, инфрақұрылымдар мен жобалар институттарын, ішкі және әлемдік нарықта туристік өнімдерді жылжыту институттарын кірістіреді, олар өндірістік тиімділікті қамтамасыз етуге бағытталған. Осы институттардың Қазақстандағы даму жағдайы жеткілікті деңгейде деп айтуға келмейді. Туристік өнімдерді жылжыту институттары тек қана мақсатты бағдарламалар мен туризмді дамыту стратегияларының шеңберінде ғана қалып қоюда.

3. *Туристік қызмет және туристік инфрақұрылым институттарына* туристік қызмет курорттық қызмет, қонақ үй- мейрамханалық қызмет институттары кіреді. Бұл институттар өндірістік тиімділікті арттырады (Д.Бромли бойынша), олар туристік қызметтің реттелуіне, туристік қызметті көрсететудегі түрлі келісім-шарттарды жасағандағы қатысушылардың қызығушылығын қорғау, сапа стандарттарын қалыптастыру, туризм және туристік инфрақұрылым саласының субъектілерінің анықталмаған іс-әрекетін азайтуға, трансакциялық шығындарды азайтуға әсер етеді. Оның барлығы осы саланың экономикалық қызметінің кірісінің артуына әсер етеді. Қазақстанда, тіпті, басқа мемлекеттерде, осы формадағы институттар басқа туризм институттарына қарағанда неғұрлым дамыған болып табылады.

4. *Туризм саласын мемлекеттік реттеу институттарына* туристік миграция, статистикалық есептілік, мемлекеттік басқару институттары кірістіріледі. Мемлекеттік реттеу институттарының негізгі мақсаты экономикалық басымдықтарды бөлу функциясы болып табылады. Осы топта тек туристік миграция институты қалыптасқан деңгейде жұмыс істейді деуге болады, ал статистикалық есептілік мүлде дамымады, ал мемлекеттік реттеу институттары Қазақстанда тек құжаттық тәртіпте жұмыс істейді десек болады, себебі әлі қабылданған бағдарламалардың нәтижесі көрінбейді.



Сурет 2. Туризм институттарының құрылымы  
Ескерту: [4] әдебиетінен алынды

Аталған институттар белгісіздік деңгейін және күнделікті өмірдегі жұмыс құрылымын реттейді, яғни олар адамдар арасындағы қарым – қатынастың жеңіл болуын ұйымдастырады және әрбір адамның таңдауына мүмкіндік беретін нақты тиімді шешімдер жиынтығын анықтау мен оны шектеуге көмектеседі [4]. Сол себепті, туризм саласын дамыту үшін нақты тиімді іс-шаралар жасалуы керек, яғни олардың көрінісі мақсатты бағдарламаларды іске асыруға бағытталған экономикалық және институционалдық іс-шаралар сипатында келесідей көрініс табады (кесте 1). Қазіргі кезде Қазақстанның ішкі туризмі экономиканың дамушы басым бағыттарының бірі болып табылады. Бірақ та, осы институттардың дамуы әлі қолға алынбай отыр, ал көптеген зерттеулер мемлекеттік реттеу институттарының белсенді жұмысы, осы саланың дамуына тікелей әсер ететінін көрсетті. Қазақстанда халықтың демалыста, бос уақытта және денсаулығын қалпына келтіру үшін туризмді стратегиялық дамытуға келесідей мақсатты бағыттарды анықтауға болады: 1) шығу және кіру туризмінің басым дамуының негізінде туристік қызмет нарығының тепе-теңдігіне жету; 2) жаңа бәсекеге қабілетті туристік өнімді қалыптастыру; 3) туристік инфрақұрылымды инвестициялау мүмкіндігін кеңейту; 4) туризм саласында кадрларды дайындау және біліктілігін арттыру; 5) ұлттық туристік нарықты дамыту.

## Туризмді дамытудың мақсатты бағдарламаларын іске асырудың негізгі бағыттары

Институтционалдық іс-шаралар	Экономикалық іс-шаралар
<p><b>Табиғи ресурстар:</b></p> <ul style="list-style-type: none"> <li>- туристік бизнесті жүргізу үшін табиғатты қорғау нормалары мен ережелерін әзірлеу;</li> <li>- табиғат ескерткіштеріне, т.б. ресурстарға иелік ету, қолдану, пайдалану үрдістерін бақылау.</li> </ul> <p><b>Мәдени-тарихи ресурстар:</b></p> <ul style="list-style-type: none"> <li>- туристік мақсатта мәдени-тарихи объектілерді қалпына келтіру және қолдану бағдарламаларын әзірлеу;</li> <li>- мұражайлар қызметін ақпараттық және құқықтық қолдау;</li> <li>- тарихи туристік ауылдардың құрылысына және де мәдени-тарихи құндылықтарды сақтайтын танымдық туризмге бағытталған жобаларды әзірлеу және қолдау.</li> </ul> <p><b>Әлеуметтік – экономикалық ресурстар:</b></p> <ul style="list-style-type: none"> <li>- туристік қызмет сапасының стандарттарын әзірлеу;</li> <li>- мемлекеттік реттеу жұмыстарының тиімділігін арттыру үшін департаменттер жұмысын бақылау;</li> <li>- имиджтік стратегияны жылжыту, туристік – ақпараттық орталықтар желісін кеңейту, мемлекет аралық турөнімді қалыптастыру;</li> <li>- туризм саласында статистикалық есепті жетілдіру бойынша іс-шаралар: (орналастыру және туристік-рекреациялық ресурстардың бірыңғай реестрін құру, туристік индустрия дамуының мақсатты көрсеткіштерінің мониторингін әзірлеу);</li> <li>- туризм саласында жобалар бойынша ақпараттық базаны құру (инвестициялық жобалар бойынша каталогтар, инвестициялық көрмелерде жылжыту мен презентациялау, БАҚ жариялау, т.б.);</li> <li>- туристік ресурстардың жеке меншік не ұзақ мерзімге жалға берілуі бойынша нормалары мен ережелерді анықтау;</li> <li>туристік индустрия қызметкерлерінің қызметтерінің кәсіби стандарттарын жетілдіру</li> </ul>	<p><b>Табиғи ресурстар:</b></p> <ul style="list-style-type: none"> <li>- туризмді дамыту үшін туристік әлеуетке зерттеу жүргізу;</li> <li>- табиғи объектілердің аттрактивтілігін қолдануға бағытталған туризмнің басым түрлерін әзірлеу және жылжыту;</li> <li>- «бүлінбеген табиғат бейнесін дамыту»; экотуризм, балық аулау мен аң аулау туризмін дамыту;</li> <li>- туристік мақсатта қолданылатын ерекше қорғалатын табиғи территорияларға (қорықтар, ұлттық парктер) өту ерекшеліктерін бағалау;</li> <li>- туристік кәсіпорындар жұмысына ресурстарды сақтау мақсатындағы тұйық цикл механизмін енгізу.</li> </ul> <p><b>Мәдени-тарихи ресурстар:</b></p> <ul style="list-style-type: none"> <li>- Қазақстанның Жібек жолы дамыған негізгі аймақ ретіндегі имиджін қалыптастыру;</li> <li>- аймақтарда діни туризмді дамыту мақсатында ресурстарын қолдану.</li> </ul> <p><b>Әлеуметтік – экономикалық ресурстар:</b></p> <ul style="list-style-type: none"> <li>- туризм саласында жүйелі ғылыми зерттеулер жүргізу (туристік нарықты зерттеу, туристік индустрия дамуын талдау және т.б.);</li> <li>- туристік инфрақұрылымның дамуына жеке капиталды тарту бойынша ынталандыру шараларын әзірлеу (мемлекеттік-жеке серіктестік);</li> <li>- туристік инфрақұрылым объектілерінің құрылысы үшін жер телімдерін ұсыну, рәсімдеу;</li> <li>- қонақжайлылық индустриясындағы білікті кадрлардың сұраныстары мен ұсыныстарына мониторинг жүргізу;</li> <li>- туризм және рекреация саласында жағымды имиджді қалыптастыруға бағытталған жарнамалық- ақпараттық қызметті жүргізу;</li> <li>- туристік инфрақұрылым құрылыстарына шағын бизнесті тарту арқылы материалды базаны дамыту</li> </ul>
Ескерту: материалдар негізінде авторлармен құрастырылған	

Айтылған іс-шараларды тиімді іске асырудың маңызды шарты болып, барлық туристік индустриядағы кәсіпорындардың қызығушылығы қамтамасыз етілетіндей туристік ресурстарды рационалды бөлуді ұйымдастыру керек. Ол үшін туристік индустрия кәсіпорын жетекшілері туристік ресурстарды қолдану бойынша стратегиялық бағыттарды анықтауы керек, осы экономикалық жүйені жандандыру үшін институтционалдық өзгерістер қажет.

Институтционалдық өзгерістер – ол күрделі үрдіс, себебі шекті өзгерістерде ресми ережелер мен бейресми шектеулердегі өзгерістердің салдары көрініс табуы мүмкін, сонымен қатар, ережелер мен шектеулерді іске асыру әдістері мен оларды тиімді қолдануға мәжбүрлейтін өзгерістердің салдарыда болуы мүмкін [5]. Институттар – айырбастау

шығындары мен өндірістегі шығындарға әсер ету арқылы, экономикалық үрдіске тікелей ықпал етеді, ал туристік индустрияда, институттардың ролі трансакциялық және трансформациялық шығындарды анықтап, институттардың табиғаты мен қалыптасуын түсіндіре отырып, экономикалық жүйеге шығындардың әсерін айқындау болып табылады.

#### Әдебиеттер:

1. Харламова А.Ю. Институциональная среда как фактор реализации ресурсного потенциала туристического сектора региональной экономики. // Автореферат дисс... к.э.н., Челябинск, 2010.
2. Алиева Ж.Н. Туризмология негіздері: Оқу құралы. - Алматы: Қазақ университеті, 2004. - 172 б.
3. Чилилов А.М. Организационно-экономические и институциональные основы ресурсного обеспечения развития сферы туризма в регионах РФ // Автореферат дисс... д.э.н. - М., 2009.
4. Ахобадзе Д.Т. Организационно-экономические механизмы реализации стратегических приоритетов развития туризма и рекреации на Северо-Западе России // Экономические и социальные перемены: факты, тенденции, прогноз. 2009. - №6.
5. Норт Д. Институты, институциональные изменения и функционирование экономики // Фонд экономической книги «Начала». - М., 1997. - 190 с.

### ҚОНАҚ ҮЙ ШАРУАШЫЛЫҒЫНДА ҚЫЗМЕТ КӨРСЕТУДІҢ ЗАМАНАУИ ТАЛАПТАРЫ МЕН ӨЗГЕРІСТЕРІ

*Ешенкулова Г.И., Бейсенбаева М.С., Сержанқызы Ж.*

Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті

Астана қ., Қазақстан Республикасы

e-mail: gaua74@mail.ru

ҚР Президентінің «Қазақстан жаңа жаһандық нақты ахуалда: өсім, реформалар, даму» атты Қазақстан халқына жолдауында: «Жаңа қатерлері мен тың мүмкіндіктері қатар өрбіген жаһандық ахуал біздің көз алдымызда өзгеруде. Алпауыт елдердің текетіресі мен өзара санкциялар алмасу дүниені тұйыққа қарай бастауда. Біздің басты экспорттық өнімдеріміздің дүниежүзілік нарықтағы бағасы еселеп құлдырады» - деп бүгінгі жаңа қатерлері мен тың мүмкіндіктері қатар өрбіген жаңа жаһандық нақты ахуалда дамудың басты бағыттарын айқындау жолы көрсетті. Осы мақсатта шикізатқа негізделген экономикамызды біртіндеп шикізаттық емес салаға – қызмет көрсету саласына бағыттау басты міндеттердің бірі болып отыр, осы жерде қазіргі таңда қызығушылық тудырып отырған туризм индустриясының салалары, соның ішінде қонақ үй бизнесінің орны ерекше [1].

Туризм индустриясының құрылымына кіретін барлық салалар елімізде отандық туристік өнімдерді ұсынушы ретінде сыртқы нарықта бәсекеге қабілеттілікті айқындайды. Туризмнің жоғары мультипликативті тиімділігі бар, сондықтан ол, тікелей және жанама түрде экономиканың басты салаларының дамуына ықпал жасайды. Туризмнің дамуы сыртқы субъектілер - туристер мен басқа аймақтарда өмір сүретін азаматтар, шекаралас мемлекеттер мен шаруашылық субъектілерге қатысты аумақтың маркетингін және жағымды имиджін қалыптастыру жүйесінің маңызды элементі ретінде қарастырылады [2].

Туризмнің экономикалық маңызы ғана басымдыққа ие емес, сонымен бірге туризм мемлекетаралық байланыстарды және елдер арасындағы мәдени алмасуларды дамытуға, туристердің ой-өрістерін кеңейтуге, өңіраралық байланыстардың көлемін арттыруға, халықтың танымдық деңгейін жоғарылатуға. ықпалын тигізетіндіктен, оның әлеуметтік-мәдени маңызы да зор [3].

Қазақстан үшін туризмнің бейберекет дамуы, мемлекет пен қоғамдық-құқықтық және жекеменшік құрылымдардың арасында өзара байланыстардың болмауы, экономикалық механизмнің жетілдірілмеуі сияқты элементтерге тән, осыған орай, туризм салаларын, ссның ішінде қонақ үй шаруашылығын дамытуға әсер етуші ішкі және сыртқы орта